



QAZAQ

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№37 (1903) 9 ҚАЗАН 2023 ЖЫЛ

Көрнекті жазушыға арналған конференция өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев көрнекті жазушы, журналист, Ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаяевтың 100 жылдығына арналған «Қазақ детектив жанрының дарабозы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Қазақстан жазушылар одағы ұйымдастырған тағылымды шараға ҚР мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, зиялы қауым өкілдері, жазушылар мен ақындар жиналды.

Конференция барысында Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Тоқаяевтың құттықтау хатын ҚР мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева оқып берді. Хатта: «Кемел Тоқаяев қазақ әдебиетінде тыннан түрен салып, детектив жанрының негізін қалады. Шоқтығы биік шығармаларымен көпшіліктің ықыласына бөленді», – делінген.

Жиында ТҮРКСОЙ халық-

аралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев сөз сөйлеп, Кемел Тоқаяевтың шығармаларына тоқталды.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Кемел Тоқаяев біздің университетіміздің түлегі екенін ерекше мақтан тұтамыз. Бүгінгі конференция жұмысы нәтижелі зерттеулер мен терең талдауларға ұласады деп ойлаймын. Біздің ортақ мақсатымыз – Кемел Тоқаяевтың шығармашылық мұрасын жаңаша зерттеу», – деді ректор.

Кемел Тоқаяев аудиториясы ашылды



Іс-шараға жиылғандар алдымен ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасы қорындағы қаламгер кітаптарының көрмесімен, тарихи фотосуреттермен, газет мұрағаттарындағы құжат, мақалаларымен, майдандастарының естеліктерімен танысты.



Аудиторияның ашылу салтанатында университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, қайраткер қаламгердің еңбек жолына тоқталды.

Шара барысында Кемел Тоқаяевтың 100 жылдығына орай басылып шыққан «Детектив дарабозы» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Алқалы жиында мемлекет және қоғам қайраткерлері сөз сөйлеп, Кемел Тоқаяевтың

азаматтық қыры мен жазушылық сыры туралы пікір білдірді.

Кемел Тоқаяев атындағы аудитория заманауи үлгіде безендірілген. Онда жазушының шығармалары, мақалалары жарық көрген басылымдар және қаламгер туралы жазылған кітаптар, фотосуреттер қойылған. Білім алушы жастардың емін-еркін сабақ оқуларына жағдай жасалған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ардагер ұстаздар ұлықталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ұстаздар күні аясында оқу ордасында ұзақ жыл қызмет атқарған ардагер оқытушыларға құрмет көрсетті.



ов, Мақпал Төлегенова және Айша Бегалиева қатысты.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, елімізде педагогтардың кәсіби мерекесі – Ұстаздар күні биыл тұңғыш рет 5 қазан болып бекітілді.

Жүздесуде университет басшысы айтулы мерекенің маңыздылығына тоқталып, барша оқытушы-профессорлар қауымын кәсіби мерекесімен құттықтады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Кездесуге білім ордасының профессорлары, атап айтқанда: Элеонора Сүлейменова, Зұлқайыр Мансұров, Қалқаман Жұмағұлов, Нұржамал Алдабек, Тұрсын Ғабитов, Құралай Байзақова, Ержан Жатқанбаев, Алуа Ибраева, Сағымбай Қозыбаев, Тамара Шалахметова, Уалшер Туқеев, Гүлнәр Нұрмұхаммедқызы, Базарбай Үмбет-



573 білім беру бағдарламасы іске асуда

2 >>



Физиканы философия тілінде сөйлеткен ғалым

3 >>



Университеттің көзі, құлағы һәм тілі

4 >>

Л'Ориенталь университеті өкілдерімен кездесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Неаполь Л'Ориенталь университетінің ректоры Роберто Тоттоли бастаған делегация арнайы іссапармен келді. Сапар аясында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев делегация құрамымен кездесті.



Бүгінгі таңда ҚазҰУ мен Италия университеттері арасында ынтымақтастық бойынша 11 келісім жасалған. ҚазҰУ студенттері жыл сайын Сапиенца, Саленто, Сиена, Карло Бо атындағы Урбин университеті және басқа да Италияның жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтеді. 2018 жылдан бастап ҚазҰУ Неаполь Л'Ориенталь университетімен ынтымақтасады. Оның нәтижесінде Азия мен Африканың лингвистикалық, әдеби, тарихи, саяси, мәдени, діни ерекшеліктері саласында бірлескен жобалар мен ғылыми ізденістер іске асырылуда.

2022-2023 жылдары Италияның жоғары оқу орындарында бес студент, жеті докторант бі-

лім алды. ҚазҰУ-дың 25 оқытушысы түрлі конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысты және бірлескен жобаларды іске асырды. ҚазҰУ өткен жылы Ла Сапиенца атындағы Рим университетінің бір студентін қос диплом бағдарламасы бойынша тарих факультетіне қабылдады. Жыл сайын Италияның жоғары оқу орындарының профессорлары дәріс оқуға шақырылады. Биыл ҚазҰУ-ға Италиядан шақырылған бес профессор философия және саясаттану, Экономика және бизнес жоғары мектебі, халықаралық қатынастар, физика-техникалық, география және табиғатты пайдалану факультеттерінің студенттеріне дәріс оқуда.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Корея Республикасы Жоғарғы сотының судьясы Мин Ю-Сукпен және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің директоры Ким Эн Силмен кездесті.

Серіктестікті нығайтуға уағдаласты



Кездесуде университет басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға ҚазҰУ Корей жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән беретініне назар аударды. Сонымен қатар ректор қонақтарға оқу ордасының жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат

бере отырып, ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды. Жүздесу барысында тараптар екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, серіктестікті одан әрі нығайтуға өзара мүдделі екенін растады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Бірлескен ғылыми орталық ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Білім беруді интернационализациялау: өзгермелі әлемдегі әлеуметтік-гуманитарлық аспект: тәжірибе, мәселелер және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік симпозиум өтті.

Шараға Неаполь Л'Ориенталь университетінің ректоры Роберто Тоттоли бастаған делегация, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, еліміздегі ғылыми және сараптамалық қоғамдастығының өкілдері, Италия, Франция, Швейцария, Ұлыбритания елдерінен келген ғалымдар, шетелдік елшіліктердің және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Келіссөз барысында қос университет басшысы халықаралық қатынас, филология, философия және саясаттану, тарих сияқты факультеттердің



басын қосатын ҚазҰУ базасында Неаполь Л'Ориенталь университетімен бірлескен ғылыми-зерттеу орталығын ашуға уағдаласты.

Өз сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев: «ҚазҰУ-дың гуманитарлық факультеттері үшін бұл зерттеу орталығы қос университетінің ғылыми әлеуетін кеңейтуге тамаша мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Әрі қарай Неаполь Л'Ориен-

таль университетінің ректоры Роберто Тоттоли сөз алып, ҚазҰУ ректоры мен симпозиум қатысушыларының қолдауы мен ынтымақтастықты жандандыруға берген мол мүмкіндігі үшін алғыс білдірді.

Симпозиумды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті ұйымдастырды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда 2023/24 оқу жылының қабылдау науқанының және оқу процесін ұйымдастырудың қорытындылары мен университет қызметінің негізгі көрсеткіштері талқыланды. Алғашқы болып Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева баяндама жасады.

атап өтті. Шетелдік жоғары оқу орындарына жұмыс сапарымен баратын ғалымдар бірлескен ғылыми-білім беру қызметі бойынша уағдаласып, нақты нәтижелерге қол жеткізуге тиіс, оның қорытындылары ҚазҰУ-дың зерттеу универси-

573 білім беру бағдарламасы іске асуда

Биыл ҚазҰУ-да жалпы 573 білім беру бағдарламасы іске асырылуда, оның ішінде: 144 – бакалавриат, магистратура – 284, докторантура – 145. Сондай-ақ спикер ғалымдарды 2023/24 оқу жылына арналған «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы таныстырып, ҚазҰУ-дың сапалы білім беруді іске асыру тұжырымдамасына назар аударды. «Оның мақсаты ТДМ қол жеткізудегі білім беруді қайта бағалау, қайта қарау және экология, қоғам және экономика сияқты барлық үш салада тұрақтылықты қамтамасыз ету», – деп атап өтті ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төра-



ғасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ ғалымдары оңалту орталықтарында үлкен әлеуеті бар ғылыми жобалар мен жаңа технологияларды өзіндік шетелдік университеттермен белсенді түрде тәжірибе алмасып, ынтымақтастықты кеңейту тиіс екенін

тетіне айналуына ықпал ететін болады. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі бағдарламаларды ұлғайту, smart жүйеде көрсетілетін жұмыс регламентін қайта қарау қажет екені атап өтілді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әзірбайжан университеттерімен байланыс артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің халықаралық қатынастар және бағдарламалар жөніндегі

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонаққа ҚазҰУ Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетімен білім және ғылым саласы бойынша жан-



жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды жалғастыра бе-

ретінін айтты. Сондай-ақ өз сөзінде ректор Мурадли Неманға білім ордасының жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді.

Өз кезегінде Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің проректоры Мурадли Неман Қазақстан Әзірбайжанның маңызды әрі сенімді серіктесі екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу екі университет арасындағы байланысты одан әрі дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Бірнеше мыңдаған жылдықпен сабақтасқан философия ғылымы қазақ халқының көне замандардан бері құрылымданған дүниетанымында, өмір салтын айшықтайтын тұрмыс-тіршілігінің тәжірибесінде философиялық ой-толғамдар түзілімі ретінде көрініс тауып, Кеңес өкіметі тұсында академиялық үлгідегі ғылыми философия арнасында қанат жайды. Оған сол кезеңдегі ғылым мен білімге бет бұрған қазақтың зиялы қауымдары өз үлестерін қосты. Солардың бірегейі – философия ғылымының докторы, профессор, әлемдік масштабта танылған еліміздегі диалектикалық логика саласының жетік маманы ретіндегі академик Ж.Әбділдин бастаған философтар тобының құрамындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұрат Сәбитұлы еді.



Суйе РЕЙ, магистрант:

Қазақша үйрену үшін ҚазҰУ-ды таңдадым



Суйе Рей Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде магистратурада оқиды. Ол халықаралық журналистика мамандығы бойынша білім алуда.

«Қытайда да университет көп. Шанхай халықаралық зерттеулер университетінде оқып жүргенімде үшінші жылы ҚазҰУ-ға келіп оқуым керек еді. Дегенмен коронавирус індетіне байланысты келе алмадым. Сол себепті магистратураны осы жақта оқығым келді. Астанаға барып, Назарбаев университетімен де таныстым. Университетте барлық жағдай жасалған. Бірақ студенттердің көбі ағылшынша, орысша сөйлейді екен. Әл-Фараби университетінде студенттердің қазақша сөйлейтінін және қазақы екенін байқадым. Осы университетте оқысам қазақша жақсы үйреніп шығамын деп ойладым» дейді ол.

Суйе Рейдің қазақша аты – Жайна. Достарының бәрі оны осылай атайды. Жайнаның қазақ тілін үйреніп жүргеніне төрт жыл болды. Ол тілді жақсы меңгеру үшін үнемі қазақша кітаптар оқиды.

«Шанхайда халықаралық журналистиканы оқыған кезде қазақша сөйлеуге мүмкіндік болмады. Бірақ мен қазақ тілін үйренуді әрі қарай жалғастырғым келеді. Абай атаның өлеңдерін оқыдым. Сөзі қиын екен. Өйткені өлеңдегі сөздер біз сөйлейтін сөздерге ұқсамайды. Қазақша өлеңдерді оқып, өзіме ұнағандарын қытай тіліне аударуға талаптанып жүрмін. Мен медиа қызметін өте жақсы көремін. Келешекте халықаралық журналист болғым

келеді. Қазақстан мен Қытайдың арасында халықаралық тілші болуды армандаймын», – дейді Жайна.

Жайнаның ата-анасы Қытайдың солтүстік шығысындағы Цзилинь провинциясында тұрады. Әкесі халықаралық сауда компаниясында жұмыс істейді, ал анасы мемлекеттік қызметкер.

«18 жасқа толғанымда университет пен мамандық таңдау туралы ойлап жүрдім. Сол кездері «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы шықты. Қазақстан мен Қытайдың достық қарым-қатынасы жақсы. Болашақта қытайша, қазақша, ағылшынша білетін адамдар керек деп ойлап, осы мамандықты таңдадым. Мамандық таңдайтын кезде әке-шешеммен ақылдастым. Қазақстанда оқимын дегенімде олар маған рұқсат берді. Білім іздеп алысқа кеткенімде ата-анам алғашында біраз алаңдады. Дегенмен әр күні не істеп, не үйреніп жүргенімді көргеннен кейін мені түсініп, қазір қолдау білдіріп отыр» дейді ол.

Жайна – мінезі ашық қыз және өте белсенді. Қазақтың «Қара жорға» биін билеп, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқайтын қытай қызы бүгінде елімізде блогер ретінде де танымал болып үлгерді. Қазір оның Алматыда, Астанада достары көп. Таяуда Астанаға барып, арнайы шақырумен «Қазақстан» ұлттық арнасының «Таңшолпан» бағдарламасына, «Хабар» арнасының «Жаңа қадам» бағдарламасына қатысты. Ол болашақта Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қарым-қатынастың дамуына өз үлесін қосқысы келеді.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Физиканы философия тілінде сөйлеткен ғалым

Ол 1938 жылы 17 қазанда Павлодар облысы Лебяжі ауданының Жаңа таң ауылында дүниеге келген.

1956-1961 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетін тамамдайды. Студент кезінен білімге құштарлығы оны биік мақсаттарға жетелейді, таланты мен біліктілігін негізгі принцип етіп алған Мұрат Сәбитұлы ғылымға деген өз құлшынысын арттыра түседі.

Оның жалындаған шабытты өмірінің қазақстандық философияның жан-жақты дамуға қарай бет түзеп, кемелдене бастаған кезеңге тұспа-тұс болуы, сәйкесінше, жас физик маманға деген сұранысқа дөп келді. Нәтижесінде ол 1961 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Философия және құқық институтына жұмысқа шақырылды. Сол бір кезең физиканың философиялық мәселелерін тереңнен зерттеп, отандық философияның әрі қарай өрлеуіне, әлемдік деңгейде танылуына деген қажеттіліктің артқан сәті болатын.

Физиканың іргелі мәселелерін жете зерделеген Мұрат Сәбитұлы арнайы кәсібиленген сала болып қалыптасқан диалектикалық логика мектебіне айтулы үлес қосады. Сол кезеңдерде Қазақстанда философияның физикалық мәселелерін тиянақты түрде қолға алатын мамандар жоқтың қасы еді. Сондықтан ағамызға отандық философия ғылымы аясында осы бағыт бойынша зерттеулер жүргізуді қажет ететін үлкен жауапкершіліктер жүктеледі. М.Сәбитұлы өзінің ізденімпаздығы мен өзіне сенімділігі арқасында кванттық механиканың қалыптасуы мен дамуы, оның заңдылықтары мен ғылыми-техникалық прогрестегі орнын жете түсіне отырып, ондағы қажеттілік пен кездейсоқтық мәселесін зерттеуді қолға алып, нәтижесінде аталған тақырып аясында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Отандық ғылыми философиялық кеңістік аясында диалектикалық логиканы терең зерттеуге бет бұрған бұл руханияттық бағыт 40 жылға жуық уақыт бойы үздіксіз сабақтаса келе, әлемдік деңгейге көте-

рілді, нәтижесінде «Диалектикалық логика» деп аталатын 4 томдық іргелі ұжымдық еңбек 1985-1987 жылдары жарық көрді.

XX ғасырдағы физика әлемді басқаша тұрғыдан түйсінудің жаңаша парадигмаларын қажет етті. Сайып келгенде, кванттық физиканың дамуы, бейсызықтық физиканың ұсынылуы, әлемді тұтас голограмма ретінде қарастыру, синергетикалық жүйе т.б. бір қырынан философиялық мәселеге келіп ойысатынын және оны аша түсу қажеттігін түйсінген М.Сәбитұлы осы арнаны тереңдей зерттейді. И.Ньютоннан классикалық физикасын, А.Физоның әлемдік эфир туралы көзқарастарын, Н.Бордың толықтырушылық принципін, Джон С.Белл ашқан теорема – локальді емес эффект, яғни белгілі бір дененің өзіндік қозғалысы оқшау, қатыссыз тұрған денеге әсер етіп, оны қозғалысқа келтіруі мүмкіндігін, Эйнштейн-Подольский-Розен парадоксын, А.Майкельсонның фотондардың қозғалу бағыты туралы ойларын, А. Эйнштейннің уақыт жарық жылдамдығымен шартталғанын, жарықтың үздіктілігі оның қасиеті екенін атап өткенін, кейіннен ол фотон атанған жарық-кванттарын құралатынын негіздеуін, А.Комптонның жарық бір мезетте толқынды және корпускулярлы (бөлшекті) болатынын ұсынғанын, Луи де Бройльдің корпускулярлық-толқындық дуализм теориясын, Поль Дирақтың бөлшектер мен антибөлшектерді зерделеуін, А.Е.Акимовтың торсиондық өріс туралы пайымдауларын, Г.И.Шиповтың алғашқы сана туралы идеяларын т.б. терең зерделеген Мұрат Сәбитұлы 1990 жылы «Кванттық механиканың қалыптасуы мен дамуын логикалық-гносеологиялық талдау» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғаған еді.

Әлем мен қоғам дамуы туралы пайымдаулардың физикадағы релятивистік ұстанымдарының философиялық негіздемелерін қарастырып, ғалым Қазақстанда физиканың философиялық мәселелерімен алғашқы шұғылданушы ойшыл ғана емес, оны диалектикалық

логика әдіснамасы негіздері арқылы саралаудың өзіндік үлгісін көрсете отырып, әлемнің ғылыми бейнесін философия тілінде сөйлетеді, физикадағы заңдылықтардың қазіргі заманда іргелі философиялық ойлаудан тыс бола алмайтынын дәйектейді.

Ол төрт ғылым докторы, 15 философия ғылымының кандидаттары және бір PhD докторына жетекшілік етіп, оларға бағыт-бағдар көрсете отырып, жас мамандарды ғылыми ойдың тұңғығына баулуда айтарлықтай еңбек етті.

1996-2001 жылдары Қазақ бас сәулет құрылысы академиясында Философия, тарих және құқық кафедрасын басқарып, 2001-2010 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Философия және ғылым методологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған кездері де сол ұжымның ғылыми әлеуетінің артуына еңбек сіңіре отырып, қазақстандық философия ғылымының әрі қарай дамуына өзіндік серпін берушілердің бірінен саналды. Кейіннен сол университеттің жанындағы философия мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін атқарады, «Қазіргі заман: пікірлер әлемі» атты философиялық альманах журналын ашып, бірнеше жыл оның редакторы қызметін атқарады.

Қазақстандық философияның дамуына үлес қосатын «Әлемдік философиялық мұра», «Мәдени мұра» бағдарламасына, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы т.б. ғылыми жобаларға белсене қатысып, шетелдік философия тарихындағы ойшылдардың еңбектерін қазақша да сөйлетеді.

«Талантты адам жан-жақты да талантты болады» дегендей, ағамыз кезінде спортпен терең шұғылданып, шахмат өнерінен, бокстан спорт шебері атағына ие болғанын да атап өтпеске болмайды.

Бүгінде ағамыз отбасында қадірлі әке, немерелеріне сүйікті ата, халқына «ғалым ақсақал», «көпті көрген қария» ретінде танымал.

Лесхан АСҚАР, Берік АТАШ,
Философия кафедрасының ұстаздары



Университеттің көзі, құлағы һәм тілі



Қазақ білімінің қара шаңырағы – ҚазҰУ-дың «Qazaq universiteti» газетіне 1998-2000 жылдар аралығында бас редактор болдым. Сөйтіп, бұдан бұрын шетелдердегі қандас бауырларымызға арнап шығарылған халықаралық «Біздің Отан», кейіннен белгілі себептермен атын «Шалқар» деп өзгерткен басылымда тілші болғандағы және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы басшылық еткен «Қазақ» газетін жалғастырып, қайта шыққан «Қазақтың» бас редакторының орынбасары қызметін атқарғанда жиған мол тәжірибем кәдеге жарағаны бар. Оның үстіне 1998 жылы «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси-әлеуметтік мәселелердің жазылуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды сәтті қорғағанымды ескерген болу керек, университеттің сол кездегі басшылығы осы қызметті сеніп тапсырды.

Сәнім үдесінен шығу – өмірлік №1 ұстанымым. «Qazaq universiteti» газеті тізгінін қолыма алғаннан кейін тағы да сол талап төрінен көрінуге бар күш-жігер, қайратымды сарқа пайдаланғаным есімде.

Атақты «Қазақ» газетінің табыс кілті халықшылдығында екенін зерттеушісі ретінде терең түсіндім. Сондықтан «Qazaq universiteti» газетінің тізгінін ұстаған күннен оның таралымын арттыруға күш салдым. Газеттің тиражын өсіру үшін оны қызықты етіп, оқылымын арттыру керектігін ұқтым. Ол үшін біржақты жағымды жаңалықтарды ғана жариялайтын газет мазмұнына өзгеріс енгізу керек болды. Біртіндеп сыни материалдар да жариялай бастадық. Факультеттерге рейдтер ұйымдастырып, студенттерге сөз мінберін беруге тырыстық. Газеттің ашық пікір алмасу алаңына айналуы өз жемісін бере бастады. Басылымның тиражы аз уақыттың ішінде 500 данадан 3000-ға дейін өсуі соны аңғартты.

«Қазақ университетіне» әкелген тағы бір жаңалығым – осыған дейін университет баспасының құрамында құрылымдық бірлігі болып келген газет редакциясын арнайы бөлім етіп, жеке қар-

жыландыру мүмкіндігіне қол жеткіздік. Нарық тілімен айтқанда, дербес қаржыландыру тетігін таптық. Әр факультет декандарымен жеке-жеке келісім жасап, олардың есебінен газеттің ішкі есепшотына қаржы аударуларын қамтамасыз еттік. Сөйтіп, алғаш рет газеттің өзін-өзі қаржыландыруына жағдай жасадық. Соның арқасында тұрақты авторларымыз бен студенттерге ынталандыру үшін қаламақы төлеп, қуантқан кездеріміз де болды. Түрлі корпоративтік шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік артты. Мұндай жағдай көп білім ордаларының басылымдарында күні бүгінге дейін болмағанын ескерсек, оның өзін үлкен жетістік деп санаймын.

«Qazaq universiteti» – тарихы терең, дәстүрі бай басылым. Газет ұжымына өткеннен сабақ алып, дәстүрлі жолды жанды жалғастыруға жазсын деген тілек қосамын. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ымның көзі, құлағы һәм тілі – «Qazaq universiteti» жасай берсін!

Қайрат САҚ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің деканы, алаштанушы-ғалым

«Менің бойымда ғылымға деген қызығушылық оқушы кезімде пайда болды. Сол кезде ғылыми-танымдық мақалаларды, энциклопедияларды, сонымен қатар ғылыммен байланысты деректі фильмдерді көргенді ұнататынымын. Әсіресе табиғатпен, табиғи заңдылықтарға байланысты тақырыптар қызықтырды. 9-сыныпқа өткенде география, әсіресе физикалық география бағытында маман боламын деген шешімге келдім», – дейді жас ғалым Сәнім Бисенбаева.

Сәнім БИСЕНБАЕВА, PhD, аға оқытушы:


Жастарға қоғамның жан-жақты қолдауы қажет

Ол 2004 жылы Жосалы ауылының орта мектебін аяқтаған соң, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «География» (бакалавр) мамандығына оқуға түсті. 2010 жылы ҚазҰУ магистратурасын үздік бітіріп, жаратылыстану ғылымдарының магистрі білігін алды. 2020 жылы Қытай ғылым академиясында «Картография және географиялық ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша докторантураны бітіріп, «Климаттың өзгеруі мен адам әрекетінің нәтижесінде Сырдария өзені алабының орта және төменгі ағысындағы көпжылдық өзгерістер» атты докторлық диссертациясын қорғап, философия докторы дәрежесін алып шықты.

Сәнім Бегімқызы 2010-11 жылдар аралығында ҚазҰУ-дың география факультетінің Физикалық география кафедрасының маманы болып қызметін бастады. 2011-12 жылдары География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының маманы, одан кейін ассистенті болды. 2012-2016 жж. оқытушы, 2020 жылдан бастап аға оқытушы, 2023 жылдан бастап ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеуде.

Жоба жетекшісі Сәнім Бегімқызы ArcGIS, QGIS және MapInfo сияқты бірнеше ГИС технологиялар бағдарламаларын және қашықтықтан зондау дағдыларын қолдануды меңгерді. Орындаушы ретінде бірнеше ғылыми жобаға қатысты. Салалық кәсіби тәжірибесі 12 жылдан астам. Ғылыми жұмыстары бойынша Хириш индексі көрсеткіші – 5. Жиырмадан астам ғылыми жарияланымның авторы, оның бесеуі импакт-факторы бар рецензияланған басылымдарда жарияланған.

«Ғылым – ерекше ауқымды және қарқынды интеллектуалдық қызмет. Оның нәтижелері, сондай-ақ технология кешенінің көрсеткіштері адамзат өмірін қалыптастырады әрі планетамыздың кейбір жаһандық параметрлеріне әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі ғалымдардың зерттеу бағыттары ғылым алдындағы қиындықтардан, сондай-ақ қоғам тарапынан қойылған талаптар тұжырымынан туындайды. Қазіргі көп ғылыми зерттеулер



сан саланы қамтиды. Көбіне әсіресе адамзат осы ғылым арқылы дамытқан нәтижелерді, сондай-ақ табиғатты тиімсіз немесе түсінбеушілікпен қолдану салдарынан туындаған мәселелерді шешуге бағыт алған», – деген ойымен бөліседі Сәнім Бисенбаева.

Қазір жас ғалым жерді пайдалану, жер деградациясы, жер беті су ресурстары мәселесіне қызығады. Зерттеп жүрген ғылыми тақырыптары да осы тақырыптардың түйткілі аясында. Мысалы, жас ғалымдардың зерттеулерін қолдау мақсатындағы «Жас ғалым» жобасы бойынша «Климат өзгеруінің Іле-Балқаш бассейнінің су ресурстарына әсерін бағалау» тақырыбын зерттеп жатыр. Қазіргі таңда зерттеушілердің алдында су ресурстарын тұрақты басқару мен тиімді пайдалануға қол жеткізу үшін су секторындағы бірқатар мәселелерді шешу міндеті тұр. Бұл суды ұтымсыз пайдалану, су тапшылығы және су ресурстарына сұраныстың артуы сынды келелі мәселелер. Сәнім Бегімқызының ғылыми тақырыбы осы бағыттағы шешімдерді іздеуге арналған.

«Қазіргі кезде ғылыми зерттеулерді жүргізуде материалдық және қаржылық ресурстардың шектеулілігінен бастап, әлеуметтік және коммуникациялық инфрақұрылымның нашарлығына дейін көптеген мәселелер бар. Ғылыми мансаптың, ғылыми дәстүрлердің, институционалдық қолдаудың және жергілікті ғылыми қоғамдастықтағы ынтымақтастықтың жетілмеуі немесе олардың сыртқы ортамен тежелуі, соны-

мен қатар қолда бар оқытудың зерттеуге бағытталмаған көбіне операциялық болып табылатыны мәселені қиындатады», – дейді бізбен әңгімесінде жас ғалым.

Бүгінде мемлекет ғылымды 10 басым бағытта дамытуға көңіл бөлуде. Оған дәлел ретінде ғылыми жобалар байқауының үздіксіз жариялануы, белгілі бір қоғамдық және ғылыми мә-

селелер бойынша зерттеулер жүргізуге ынталандыру секілді жұмыстар қолға алынууда. «Менің ойымша, ғылымды дамытуға ықпал ететін қадамның бірі еңбек ресурстарын тәрбиелеу және жетілдіру деп білемін. Ғылыми білім берудің мықты қоры ғалымдардың, инженерлердің және новаторлардың келесі ұрпағын дайындауға көмектесе алады. Бұл елдің бүгінгі жаһандық экономикада бәсекеге қабілетті болып қалуы үшін маңызды», – дейді Сәнім Бисенбаева.

Қазір магистратура мен докторантураға түсушілердің үлкен бәсекелестігі жастардың ғылымға деген мүдделілігін байқатады. Олардың дені ғылымды өмірлік ісі ретінде таңдауы жастардың осы салаға деген қызығушылығының артуынан болар. Қазіргі ғылыми конференцияларды, әлемдік ғылыми платформаларды қарасаңыз, жастар арасында қарқынды пікір алмасу, форумдар ұйымдастыру секілді іс-шаралардың көбейгенін байқауға болады. Ғылыми кәсіпорындарда, ғылыммен тығыз байланысты мекемелерде жастардың ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтерді игеріп жатқанын да көруге болады. Қоғам ғылымды бұрындағыдай жастар бармайтын, мүмкіншілігі аз сала ретінде қамастыру кезқарасынан арылып келеді.

Екеуара әңгіме барысында Сәнім Бегімқызы былай дейді: «Мектептер мен ЖОО жастарға өз әлеуетін ашуға көмектесу үшін ерекше күш салуда. Жастарға үлкен қолдау керек. Мемлекеттік саясаттан бастап, жұмыс берушінің міндеттемесіне дейін біз отбасыларды, қауымдастықты, бизнесті және басқаларды жастардың ғылыми білімін жақсартуға тартуымыз керек. Олар өздеріне сенетін және барлық жағдайларда жоғары сапалы білім алуға қолжетімділік пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алатын ұстаздарды қажет етеді».

Шынында да, ғылымға бет бұрған жастарды қолдаған жөн. Ғылымсыз даму, өрлеу жоқ. Мұны жалпы қоғам түсінуі шарт.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Причины конфликтности личности

Конфликт с латинского языка означает столкновение – столкновение противоположно направленных целей, интересов, позиций, мнений, или взглядов оппонентов или субъектов взаимодействия. При проявлении конфликта его участники анализируют ситуацию, делают выводы и выравнивают свои шаги. То есть конфликт можно использовать как источник жизненного опыта, самовоспитания и самообучения. Под конфликтностью личности понимается ее интегральное свойство, отражающее частоту вступления в межличностные конфликты. При высокой конфликтности индивид становится постоянным инициатором напряженных отношений с окружающими независимо от того, предшествуют ли этому проблемные ситуации.

Конфликтность, проявляемая человеком достаточно часто встречается в нашей жизни явление. Можно сказать, что для проявления человеком конфликтности в характере и поступках, необходим ряд неблагоприятных факторов: изменения в организме человека (перенесенные сезонные заболевания, анемии и другие особенно заболевания щитовидной железы или другие), приводящие к повышенной раздражительности, тип личности чаще склонный к тревожности или предпочитающий всегда быть в центре общественного внимания любой ценой, повышенные нагрузки по работе. У личностей склонных к частым конфликтам к этому ведет: колеблющаяся самооценка, чувство неуверенности в себе или желание довлеть над другими, повышенная нагрузка, наличие хронических стрессовых ситуаций/. Для проявления раздражительности и конфликтности характерна и сезонность (весна, осень), именно в период перестройки организма конфликтность между людьми может нарастать. К конфликтности чаще подвержены лица, с тревожно-мнительными или истерическими акцентуациями характера. У лиц тревожно – мнительных, конфликтность носит больше защитный, упреждающий характер, по типу «самое лучшее защита



это нападение». У истероидных личностей, конфликтность носит самоутверждающий характер, чтобы знали кто лидер типа «знай свое место», для достижения своих целей.

Порой суть конфликтности в том, что при накоплении в человеке негативной энергии, самостоятельно от него избавиться нам бывает сложно, поэтому чаще некоторые люди прибегают к тому, что по незначительному поводу или даже без повода провоцируют других на конфликт и только таким образом, разряжаясь эмоционально избавляются от негатива. Конфликт временно им приносит облегчение за счет выброса адреналина и самоуспокоения типа «я был прав, так это и есть», «что я мог поделаться, если есть люди с негативным ко мне отношением, я защищался».

В любом случае конфликтность при длительном его существовании деформирует саму личность и дополнительно создает очаги напряженности в семье, коллективе, обществе за счет индуцирования (вовлечения) сочувствующих сторо-

нам лиц. Впоследствии может приводить к социальной дезадаптации (потере места работы, разводам и так по нарастающему негативу). Таким образом, конфликтность как черта характера это проявление:

- неустойчивости нервной системы и нарушенных обменных процессов в организме, чаще временных; - проявление слабых личностей, не занимающихся самоусовершенствованием, малообщительных и неуверенных в себе.


Для устранения конфликтности в характере необходимы следующие меры: соблюдение режима сна, отдыха, распределение нагрузок. Регулярный контроль за состоянием своего здоровья, в том числе психологического. Создание благоприятной обстановки на работе. От накопленной негативной энергии можно избавиться дозированной физической нагрузкой, занятием хобби, переключением между умственной и физической нагрузкой.

В жизни необходимо руководствоваться следующими психотерапевтическими приемами: - знать, если кто-то грубит или конфликтует, это не означает лично к Вам негативного отношения, это означает лишь факт, что у этого человека что -то серьезно не складывается в жизни и ничего более; - при общении желательнее не переходить на эмоционально негативный тон агрессивного человека, а стараться по возможности избегать общения или при невозможности этого, разговаривать как можно спокойнее, через длительные паузы и задавать отстраненные вопросы не в контексте сути конфликта.

Кайныш БАЙМАГАНБЕТОВА,
ст. преподаватель кафедры
политики и организации
здравоохранения

Перед началом нового учебного года группа ученых из НАО «Казахского национального университета имени Аль-Фараби» в лице к.э.н., и.о. профессора Бимендиевой Л.А., к.э.н., ассоциированного профессора Ахметовой З.Б., к.э.н., и.о. профессора Кожамкуловой Ж.Т., доктора (PhD), заместителя заведующего кафедрой «Бизнес-технологии» по научно-инновационной деятельности и международным связям Товма Н.А. и старшего преподавателя Шурунова Н.Б. посетили University of Technology Sydney, занимающий 90 место в международном рейтинге QS в городе Сидней в Австралии. Это один из ведущих мировых университетов.

Научная стажировка в University of Technology Sydney



Цель поездки – выполнение исследовательской работы в рамках программы BR18574200 «Возрождение моногородов в условиях создания Нового Казахстана на основе территориального маркетинга» и развитие международного сотрудничества между ВШЭБ КазНУ имени Аль-Фараби и Бизнес школы University of Technology Sydney. В ходе визита была проведена встреча с заместителем декана по международной деятельности Бизнес-школы University of Technology Sydney Леоной Там и заместителем декана по исследованиям и инновациям бизнес школы University of Technology Sydney Кэти Уолш в рамках.

В рамках визита обсуждалось развитие моногородов городов Австралии и Республики Казахстан в контексте программы BR18574200 «Возрождение моногородов

в условиях создания Нового Казахстана на основе территориального маркетинга», получен доступ для работы в библиотеке по изучению и систематизации опыта функционирования австралийских индустриальных малых городов.

Участники проекта выступили с презентацией промежуточных выводов проекта по развитию моногородов. Обсуждены возможности международного сотрудничества между ВШЭБ КазНУ имени Аль-Фараби и Бизнес школой University of Technology Sydney, а также перспективы на будущую совместную коллаборацию.

Зауреш АХМЕТОВА,
к.э.н., ассоциированный
профессор

Наталья ТОВМА,
к.э.н., доктор (PhD)

Профилактика религиозного экстремизма и терроризма среди молодежи

Цели в области устойчивого развития (ЦУР) является призывом к выполнению определенных действий и задач, исходящим от всех стран - бедных, богатых и среднеразвитых. В связи с этим, в рамках реализации ЦУР п.16 «Мир, правосудие и эффективные институты» прошел семинар-тренинг для студентов, организованный кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ им. Аль-Фараби совместно с ведущими экспертами информационно-разъяснительной группы в сфере религии на тему: «Профилактика религиозного экстремизма и терроризма». На мероприятии спикером выступил: член информационно-разъяснительной группы города Алматы в сфере религий, магистр, религиовед Абдрахманов С.М.

В семинаре-тренинге приняли участие преподаватели и студенты 3 и 4 курсов по образовательным программам «6В12301 Правоохранительная деятельность» и «6В04205 Юриспруденция».

Цель семинара-тренинга – формирование светского сознания, гражданской позиции

по вопросам противодействия терроризму и экстремизму и его профилактика, разъяснения светских принципов государства и популяризации традиционных ценностей, а также повышение религиозной грамотности среди студентов, были затронуты вопросы об опасности интернет-ресурсов,



пропагандирующих экстремизм и терроризм, пагубности деструктивных псевдорелигиозных течений.

Спикеры, в своем выступлении обратили внимание поче-

му в рядах экстремистских формирований так много молодых лиц. Одним из мнений является несовершенная психика, не сформировано мировоззрение, нет идеалов, нет

цели. Молодежь – это главная движущая сила любого государства, самая активная и перспективная часть нашего общества. Именно благодаря такому мощному потенциалу, молодежь сегодня является главной целью вербовщиков.

На семинаре были проведены беседы-диалоги со слушателями и продемонстрированы видеоролики.

В завершении мероприятия студенты задавали интересные вопросы по рассматриваемой теме, на которые получили исчерпывающие ответы. Данная встреча имело важное воспитательное значение.

Асель ШАРИПОВА,
к.ю.н. доцент кафедры
уголовного права,
уголовного процесса

Ұстазымыз байсалды мінезімен есте қалды

Қамшының сабындай қайран өмір бір күні аяқталары әмбеге аян. «Тұмақ бар жерде өлмек те бар» дегендей, кеше ғана ортамызда жүрген, елімізге танымал әлеуметтанушы, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, көрнекті ұстаз-ғалым Гүлнапис Абдикерова жарық дүниеден өткеніне қырық күннен асып кетіпті.

Гүлнапис Орынбасарқызы 1966 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 1985-1990 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқып, философия мамандығын алған. 1993-1996 жылдары ҚазҰУ-дың аспирантурасында оқып, 1997 жылы «Тұлғаның саяси әлеуметтенуі мәселесін әлеуметтанулық талдау» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, 2008 жылы «Қазақстандық қоғамның модернизациясы үрдісіндегі тұлғаның әлеуметтенуінің үлгілері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған.

1993 жылдан бастап ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында қызмет атқарып, Қазақстанның әлеуметтану мектебінің қалыптасып дамуына белсенді атсалысты. Ғалым университеттегі білім беру жүйесіне оқу-әдістемелік бағытта ауқымды еңбек сіңірді. Әлеуметтану пәнінің негізгі курстары бойынша типтік бағдарламалар, оқу жоспарларын жасап, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарын шығарып, қазіргі оқу процесін жаңартуға белсенді үлес қосты.

Гүлнапис Орынбасарқызы білім беру және ұстаздықпен бірге, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының координаторы, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі қызметтерін ұштастыра білді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Джорджа Ритцер, Джеффри Степницкийдің Sociological Theory оқулығының аудармасына қатысып, видео-

дәріс те түсірген. Сонымен қатар Мари Конноли Луиз Хармс, Джейн Майдменттің Social work contexts and practice атты қазақ тіліндегі аудармасына ғылыми редактор болған.

Ғалымның жасаған еңбектеріне орай, кәсіби және қоғамдық қызметі жоғары марапаттарға ие болды. Олардың ішінде «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, білім саласындағы қажырлы еңбегінің жемісі ретінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер» марапатына ие болды.

«Кішіге – ізет, үлкенге – құрмет» көрсетуді әркез парыз санайтын Гүлнапис Орынбасарқызы қарапайым кісілік болмысымен, байсалды әрі бірқалыпты мінезімен талай жанның есінде қалғаны анық. Алдыңыз пейіш, артыңыз кеніш, жатқан жайыңыз жаннаттың төрі болсын... Жарқын бейнеңіз сізді білетін әр жүректе мәңгі сақталады...

Әсем ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ, Индира САРЫБАЙҚЫЗЫ, шәкірттері, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының оқытушылары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен заңғар жазушы, әдебиеттанушы, абайтанушы ғалым, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туған күніне орай «Абай институтының еңбектері» сериясымен биыл жарық көрген кітаптардың және электронды басылымдардың таныстырылымы өтті.

Абай ілімі өмірлік азық



Іс-шарада Абай ҒЗИ-дың абайтану және әдебиеттану саласындағы осы жылғы ғылыми-зерттеу нәтижесінің көрсеткіші ретінде алты бірдей ғылыми маңызы жоғары жинақтар мен зерттеу кітаптарының тұсауы кесілді. Атап айтқанда, олар – «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Абай ілімі» мақалалар жинағы, Жанғара Дәдебаевтың «Абай ілімі. Оқу құралы», «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану» ұжымдық монографиясы, «Абай» таңдамалы өлеңдер мен поэмалары. Орынбай Жанайдаровтың аудармасы, «Абай ілімі. Дәрістер курсы» атты кітаптар Абай ҒЗИ-дың елеулі табысы болып табылады.

Кеш филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дәдебайұлының құттықтау сөзімен ашылды. Ғалым ілім мен білімнің бастауы Абай ілімі қазіргі таңда жастар үшін өмірлік азық болатынын айта келіп, пәннің маңыздылығына, өзектілігіне тоқталды. Сонымен қатар, Абай ғылыми-зерттеу институтының профессорлары Д.Ысқақұлы, Қ.Әбдәзұлы, Т.Тұяқбай аталмыш кітаптардың құндылығын атап өтті. М.Әуезов атындағы ӘӨИ-дің профессоры, белгілі әдебиеттанушы Г.Пиралиев

ва құттықтау сөз айтып, институттың орасан зор еңбегіне тәнті болғанын айтты. Іс-шара модераторы, доцент Л.Мұсалы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми нәтижелері көрсетілген электронды көрмемен таныстырды. Салтанатты жиынның соңында кеш қонақтары болған Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, Әл-Фараби атындағы кітапханаға және авторлар мен құрастырушыларға кітаптар табысталды.

Бұл кітаптар «Абай ілімі» пәнінің негізгі оқу құралдары бола алатын құнды зерттеу жұмысы деп бағалаймыз. Жинақ дәрістер жинағын, оқу құралын, ғылыми зерттеу жинағын және зерттеу мақалалар жинағын қамтиды. Ақпараттық-цифрландыру заманында рухани сүзгі азайған кезеңінде «Абай ілімі» жастарымыздың, еліміздің болашағын жарқын ететіні анық. Сондықтан да, пәннің маңыздылығы мен құндылығына сәйкес «Абай ілімі» пәні таңдау пәні емес, міндетті пән болуы тиіс деп санаймыз.

Әйгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВА, Гүлжан ЫБЫРАЙҚЫЗЫ, Абай ҒЗИ қызметкерлері

Алматы қаласы Бостандық аудандық денсаулық сақтау басқармасы аудандағы тұмауға қарсы алдын алу шарасы барысында халықты жаппай тұмауға қарсы егу жұмыстары басталғанын хабарлайды.

Тұмауға қарсы екпе алған жөн

токсико-аллергиялық шок т.б.), мұның өзі тұмауға қарсы алдын алу шараларының кешенді түрде жүргізуін талап етеді.

Алдын алу шараларының ең тиімдісі тұмауға қарсы арнайы иммундау (вакцинация) егу болып саналады.

Тұмаумен ауырып қалу қаупі жоғары адамдар тобына жататындар, әсіресе жиі ауыратын балалар мен егде кісілер, жүкті әйелдер, иммундық жағдайы төмен, жүрек, өкпе, бүйрек, эндокриндық және орталық жүйке жүйесі ақаулары бар адамдар тұмауға қарсы ақысыз тұрғылықты мекен жайға қарасты емханаларда тегін екпе ала алады. Осы аталған топқа жатсаңыз, онда аудандағы тегін екпе жүргізіп отырған ем-



ханаларға тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша қаралуыңызға болады. Сонымен қатар

тұмауға қарсы екпе алу қажет топтарға көпшілік жерде жұмыс істейтін қызметкерлер

(тәрбиешілер, мұғалімдер, дәрігерлер, сатушылар, сонымен қатар ірі мекеме қызметкерлері) жатады.

Тұмауға қарсы екпе арнайы медицина мекемелерінде, жауапты медицина қызметкерлері арқылы рұқсат қағазы бар, арнайы бөлмеде, алғашқы көмек көрсетуге дайын, егу алдында дәрігер қарауымен жүргізілуі тиіс.

Тұмауға қарсы жүргізілген бір ғана екпеден кейін адам ағзасында тұмауға қарсы төзімділік 14 күн аралығында пайда болып, бір жыл аралығында сақталады. Тағы бір ескеретіні, тұмауға қарсы екпе алған адамның тұмаумен ауырып қалуы екпе алмаған адамнан 3-4 есе төмен.

Егор ТАРКИНСКИЙ, Бостандық аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

«Метеорология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Сәнімгүл Назарбекова таяуда академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Жапонияның Цукуба университетінде білімін шыңдап қайтты. Осыған орай, біз Сәнімгүлмен аз-кем әңгімелескен едік.

Академиялық ұтқырлық – үлкен мүмкіндік



– Сәнімгүл, Жапониядағы Цукуба университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алмасып келдіңіз. Қандай ой түйдіңіз?

– ҚазҰУ мен Цукуба университеті арасындағы ынтымақтастық енді бастау алып жатыр. Негізгі ақпаратты университеттің әлеуметтік желідегі парақшаларынан көрген едім. Алайда ол кезде аса мән бермедім. Кейін кафедра меңгерушісі Жапония мемлекетінің Цукуба университетінде оқып келуге мүмкіндік бар екенін жеке кездескенде айтты. Мен уақыт оздирмай, келесі күні құжаттарымды дайындап, жауапты тұлғаларға табыстадым. Осындай шұғыл сәттерде дайын түйіндеме, мотивациялық және ұсыныс хат, ең бастысы, ағылшын тілін қажетті деңгейде меңгергеніңізді растайтын сертификат сияқты құжаттардың дайын болуы өте маңызды.

– Білім алмасуға неге Жапония мемлекетін, Цукуба университетін таңдадыңыз?

– Алғашында екі университет арасындағы ынтымақтастықтан хабарсыз болдым. Ал Жапония елін оған дейін білім алу үшін қарастырып көрмеген едім. Күншығыс елі жоғары білім беру жүйесімен танымал екенінен құлағдармын. Сондықтан бағалы тәжірибе алатыныма күмәнім болған жоқ және барлығы ойымдағыдай өтті.

– Жапониядағы білім беру жүйесінде қандай өзгерістер байқадыңыз?

– Жапонияда сабақ ұзағырақ жүреді: Қазақстанда бір сабақ 50 минут болса, оларда бір сабақ 75 минутқа созылады. Сонымен қатар жаңа оқу жылы қыркүйектен емес, сәуірден басталады.

Студенттер оқитын бағдарламаларын мамандықтарына байланысты өздері таңдайтындықтан, бір топта негізгі білімі, тәжірибесі әртүрлі курстағы студенттер жиналады. Профессорлардың әрбір студентке және оның зерттеу аймағына байланысты түсіндіру жолы, тәсілдері ерекшеленеді.

Негізгі байқаған ерекшелігім – жапондықтар тек теория жүзінде емес, практика жүзінде де ақпаратты толықтай меңгеруге назар аударады. Белгілі бір тақырыпты түсіндірген жағдайда болсын, әр сабақтан кейін берілетін тапсырмалар арқылы болсын, студент алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуына және сүни тұрғыда ойлау қабілетін дамытуға күш салады. Сонымен қатар университет тек студенттердің ғана сапалы білім алуын қамтамасыз етпей, профессорлардың да үнемі дамып отыруына жағдай жасап отырады.

– Метеорология саласы Жапонияда қалай дамыған?

– Мемлекет аралда орналасқандықтан, онда әр кезеңге сәйкес, түрлі табиғи апаттар болып тұрады. Мысалы, маусым-қазанда тайфун жиі болады.



Олар жел жылдамдығы 55 м/с дейін болатын дауылды алып келуі ықтимал және тайфун кезінде бір тәулікте 150-200 мм жауын-шашын мөлшері түсуі мүмкін (бұл Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-батыс аймақтарында түсетін жылдық жауын-шашын мөлшері). Сондықтан да жергілікті ғалымдар мен институттар атмосфералық құбылыстарды белсенді түрде зерттеп, ескерту жүйелерін дамытуда. Табиғи апат қаупі болған жағдайда әрбір тұрғынның ұялы телефонына міндетті түрде қатты дыбыста хабарлама жеткізіледі. Оған қоса, Жапония метеорология агенттігінің ресми сайты да белсенді түрде жұмыс істеп, белгілі бір өзгерістер жайлы хабарлап тұрады.

Жапония әлемдік метеорологиялық ұйымда және бірлескен зерттеулерде маңызды рөл атқарады. Оқу барысында Цукуба аймақтық метеорологиялық аспаптар орталығын көру бұйырды. Бұл мекеме 1944 жылдан бері метеорологиялық бақылау пункттеріндегі аспаптарды халықаралық стандартқа (СИ бірлігі) сәйкес калибрлейді. Оған қоса, бұл орталық сарапшыларды калибрлеуге, техникалық тұрғыда оқытуға және метеорологиялық аспаптарға техникалық қызмет көрсетуге арналған халықаралық оқу семинарларын өткізеді. Осылайша бұл шағын орталық Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымының II аймақтық қауымдастығына метеорологиялық аспаптарды калибрлеуге және метеорологиялық бақылаулардың дәлдігін сақтауға және жақсартуға айтарлықтай үлес қосады. Қазіргі уақытта орталық RIC Tsukuba Package бағдарламасын іске асырып, Бангладеш, Мозамбик, Шри-Ланка сияқты елдерде арнайы оқытулар жүргізіп жатыр.

– Қандай кемшін тұстарын байқадыңыз?

– Кез келген мемлекет сияқты Жапонияның да өзіндік кемшіліктері бар. Мысалы, қарқынды оқу жүктемесіне байланысты студенттер стресс пен қысымға бейім. Сондықтан да ондай қоғамда жеке тұлғалық тоқырауға жол жоқ. Оған қоса, мен үшін алғашында қиын болғаны – ағылшын тілінің кең таралмағаны. Жапон халқының көпшілігі егде жастағы адамдар, сондықтан да олар ағылшын тілін көп қажетсінебейді. Қазіргі уақытта жастар шетел мәдениетімен көбірек араласып, шет тілдерін үйренуде. Алайда ірі қалалардан өзге аймаққа барғанда жапон тілін білмесен, өте қиын. Бір жағынан, бұл тұсты артықшылық ретінде де қарастыруға болады деп санаймын, себебі жапондықтар өздерінің ана тілдерін өте құрметтейді және мәртебесін биік ұстайды.

– Әңгімеңізге рақмет.

Аида МҰҢАЙТПАСОВА,
Метеорология және гидрология кафедрасының 4-курс здвайзері

Италия білім жүйесі қатты ұнады

Таяуда журналистика факультетінің студенті Қымбат Мұрат Италияда білімін толықтырып келді. Осыған орай, студент «Qazaq universiteti» газетінің оқырмандарымен ой бөлісуді жөн көрді.



«Мектепте оқып жүрген кезімнен-ақ Италияда оқығым келді, алайда коронавирус індеті салдарынан бара алмай қалдым. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына құжаттар жинап жүргенде Мажарстан, Польша сияқты елдерге оқуға баруға болатынын естідім. Сөйтіп, дайындала бастадым. Рим қаласында орналасқан Сапиенца университетін таңдадым. Бағыма қарай, ҚазҰУ мен Ла Сапиенца университеттерінің арасында келісімшарт болды. Сондықтан осы білім ордасын таңдадым», – дейді Қымбат Арманқызы.

Одан әрі ол өз әңгімесінде былай деді: «Италияның білім жүйесі қатты ұнады. Профессордың дйттегені – білгенін айту, ал студенттің дәріске қатысқаны-қатыспағаны оны алаңдатпайды. Емтихан кезінде өткен тақырыпқа қатысты сұрақтар қойып, объективті, әділ бағалайды. Мен қаржыландыруға байланысты біраз дәрісті өткізіп алып, екі айға кешігіп бардым. Профессорлармен сөйлесіп, жағдайымды түсіндірдім. Маған қосымша тапсырма беріп, «бізге жетіп ал» деп өткен материалдың бәрін

жіберді. Бір сөзбен айтқанда, түсіністікпен қарады».

Қымбат Мұраттың арманы көп. Ол әлі де оқып, тәжірибе жинақтауды қалайды. «Журналистика мамандығы студенттен жан-жақты болуды талап етеді, мен тек осы саламен шектеліп қалғым келмейді. Италия халқының ділі, жалпы, мәдениеті өзгеше болған соң, журналистика саласы да салыстырмалы түрде ерекше. Халықтың мұң-мұқтажы басты орында. Егер адам құқығы бұзылса, БАҚ ондай жағдай қайталанбайтындай әрекет ете бастайды, – дейді Қымбат Арманқызы. – Демек, журналист боламын деген білім алушы үздіксіз ізденісте болғаны абзал».

Бағдат СҰЛТАН,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Жаңа оқу жылы басталғанда ҚазҰУ қалашығы студенттерге ерекше толы болады. Оқу жылының басында жатақханаға асығып, орналасып жатқан талай жастарды көзіңіз шалады. Ауылдан Алматыға асыға келген талапкерлердің үлкен шаһарға үйренісіп, сабаққа кіріскендеріне көп болған жоқ. Сол себепті студенттік кезеңнің қызығы мен шыжығы өтетін жатақхана деген ордаға орналасқан жастардың жағдайын сұрап қайтқан едік.

Жатақхана жайлы екен



Өткен жылы 356 орындық №5 жатақхана күрделі жөндеуден өткен еді. Биыл да жатақхана студенттерді қабылдап, болашақ мамандардың басын қосты.

– Бүгінде арманым жетіп, ҚазҰУ-дың студенті атандым. Қазір жатақханада тұрамын. Алдыңғы жылы жатақханамамыздың әр секциясына душ қойған екен. Бұл өте тиімді шешім болды. Кейде таныстарым жатақханада тұру мүмкін емес деп жатады. Бірақ өзін орналасып, тұрып жатқандықтан, бұл ойдың теріс екеніне көз жеткіздім. Төсек-орнымыз, жабдықтарымыздың бәрі бар. Әр қабатта тамақ істеуімізге қажетті асханамаыз, тоңазытқыш, үстелдің бәрі орнатылған. Танымал журналистер тұрған киелі №5 жатақханада тұру мен үшін үлкен мәртебе, – деді журналистика факультетінің 1-курс студенті Есбол Маратов.

Сондай-ақ ҚазҰУ-да жаратылыстану-математика бағытында оқитын студент саны көп. Олардың тұрмысы жайлы химия және химиялық технология факультетінің 2-курс студенті Инжу-Маржан Слат баяндады.



– Менің арманым тіс дәрігері маманы атану еді. Бірақ бұл мамандыққа оқу грантына түсе алмағандықтан, ҚазҰУ-дың химия факультетіне тапсырдым. Басында химик болғым келмеді. Үшінші аптадан кейін бұл мамандық ерекше ұнай бастады. Химия бойынша жақында Астана қаласында өткен Enactus Kazakhstan national EXPO 2023 байқауына суды тазалау бойынша жобамызды ұсындық. Жатақханада тұрып жатқаныма биыл екінші жыл. Қажетті ыстық және суық су, жылу, жарықтың бәрі бар. Осыған дейін төтенше жағдай болып көрмеген. Дегенмен жатақханамаызға тоңазытқыштардың санын көбейту артық болмас еді, – деді болашақ ғалым.

Қазіргі таңда ҚазҰУ жатақханаларында студенттерге барынша мүмкіндік жасалып жатыр. Оқу ордасында 14 жатақхана және Жас ғалымдар үйі бар.

Олжас ПАВЛИК,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

Сенбілікке студенттер белсене атсалысты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жалпы университеттік сенбілік өтті. Университет аумағын абаттандыру жұмыстарына ҚазҰУ басшылығы, 16 факультеттің студенттері мен оқытушылары және ЖОО қызметкерлері қатысты.

Дәстүрлі сенбілік ҚазҰУ қалашығында тәртіп пен тазалықты сақтауға бағытталған. Сенбілік барысында университет аумағы жапырақтардан, қоқыстан тазартылды.

Сенбілікке қатысушы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технологиялар факультетінің 3 курс студенті Мәншүк Орысбаева «Сенбілік – бұл кампус аумағын ретке келтіріп қана қоймай, студенттерді, оқытушылар мен қызметкерлерді жақындастырады. Барлығы бірге жұмыс істейді, араласады және сабақтан тыс уақытта бірге уақыт өткізеді, командалық рухтың пайда болуына ықпал етеді және университет қауымдас­тығының бір бөлшегі екенінді сезіндіреді», – деген пікірімен бөлісті.

Мұндай игі іс-шаралар білім алушы жастардың университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуын ынталандырады.

Гүл БАЯНДИНА

Фотоларды түсірген **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.